

5

Адалдық
қағидасынан
айнымаған

6

Ұрпаққа – ұлағат,
ерлікке – тағзым

Сыр бойы

№49-50 (20925-20926) 5 сәуір, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



КҮРДЕЛІ ОҚИҒАЛАРҒА БАҒА БЕРУДЕ БАРЫНША БАЙЫПТЫЛЫҚ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға сапарында Президент Шавкат Мирзиёевпен кездесті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитіне ерекше мән беретінін жеткізіп, аталған жиын аймақ елдерінің Еуропа Одағымен диалогын ілгерілетуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Президенттер Алматыдағы бейресми кездесудің нәтижелі өткеніне назар аударды. Сондай-ақ оның қазақ-өзбек қатынастарын тағы бір пысықтап, бірлескен жұмыс бағыттарын айқындауға мүмкіндік бергеніне тоқтайды.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша өзара тиімді серіктестік аясын кеңейту ниетін растады.

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитіне қатысып, сөз сөйледі.

Ерекше қонақжайлық көрсеткен және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты. Сонымен қатар көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға әрдайым ниет танытқаны үшін Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Коштаға, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйенге және Орталық Азия елдерінің басшыларына шынайы ризашылығын білдірді.

Қазақстан Президенті геосаяси дүрбелеңдер мен жаһандық сын-қатерлер белең алған кезеңде Орталық Азия мен Еуропа Одағы арасындағы ықпалдастықтың өзектілігі арта түскеніне назар аударып, келешектегі күн тәртібіне қатысты өз ойын ортаға салды.

Президент, еңалдымен, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән берген жөн деп санайды. Оның айтуынша, Қазақстан ЕО нарығына жалпы құны 2 миллиард доллардан асатын 175 тауар түрінің экспортын ұлғайтуға дайын. Қасым-Жомарт Тоқаев еуропалық компанияларды осындай жана жобаларды қаржыландыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңын пайдалануға шақырды. Энергетика саласын ынтымақтастықтың аса маңызды бағыты ретінде атады.

Бүгінде Қазақстанда Еуропа Одағы экономикасына қажетті 34 шикізаттың 19 түрі өндіріледі. Оның қатарында уран, титан, мыс, литий, кобальт, вольфрам және басқа да көптеген элементтер бар. Сонымен қатар еліміз Еуропалық қайта құру және даму банкімен арадағы келісім бойынша геологиялық барлау саласында бірлескен жобаларды іске асырып, кен игерудің озық тәжірибесін енгізіп жатыр. Бұл ретте Президент Астанада Сирек кездесетін металдарды зерттейтін аймақтық орталық құруды ұсынды. Аталған ғылыми мекеме кәсіпорындар мен инвесторларды игеруге болатын кеніштер, технологиялардың дамуы туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы Орталық Азияның Шығыс пен Батыс арасында тиімді жеткізу тізбегі қалыптасқан транзит торабына айналуға мүмкіндігі бар деп санайды.

2-бет



Коллаж: Құниш Оразбаев

АНАҒА ТАҒЗЫМ

ҮДЕДЕН ШЫҚҚАН ҮШ ЖЫЛ

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтіп, онда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы баяндама жасаған болатын.

Баяндамада Президенттің, Үкіметтің қолдауымен қолға алынған бастамалар, ұлттық жобалар, құрылыс салу, инвестиция тарту, инфрақұрылымды дамытудағы көрсеткіштер қамтылып, макроэкономикалық өсім аталып өтті. Жалпы өңірдің кейінгі үш жылдағы жетістіктері сарапталып, алдағы міндеттер айқындалды.

– Өзіңіздің, Үкіметтің қолдауымен облысымыздың бюджеті 750 млрд теңгеден асты. Экономиканың негізгі үлесін алатын мұнай қорының 15 жылдан астам уақыттан бергі төмендеу тенденциясын ескере отырып, өңдеу өнеркәсібі мен аграрлық саланы жедел дамыту шараларымен қатар, мұнай-газ өңдеу саласын әрі қарай өркендетудеміз, – деді облыс әкімі.

Кейінгі жылдары жаңа кен орындарын ашу мақсатында геологиялық зерттеу жүргізіліп, мұнайдың төменгі қабаттары игерілуде. Өңірде негізгі капиталға 640 млрд теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайыз болған.

Н.Нәлібаев экономиканы әртараптан-дыруда атқарылған жұмыстарға кенінен тоқталды. Мемлекет басшысының Қатар мемлекетіне жасаған іссапары аясында келісілген, құны 800 млрд теңгені құрайтын, қуаттылығы 1100 мегаваттық бу-газ қондырғысы жобасын, «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішін қайта жаңғырту мақсатында салынатын жаңа кен байыту комбинатын, неміс технологиясы бойынша жылына 220 млн дана шыны бөтелке шығаратын, тұрмыстық қатты қалдықтар өңдейтін зауыт құрылысы туралы айтты.

Кейінгі екі жылда мемлекетаралық келісімдер жемісін беріп, Арал теңізіндегі су

көлемі көбейді. Бұл балық шаруашылығының дамуына, экологиялық ахуалдың жақсаруына оң ықпал етті. Су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану арқылы өткен жылы ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алынды. Жарты миллион тоннаға жуық күріш жиналды.

Аймақ басшысы «Ауыл аманаты» жобасына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше басымдық берілгенін атап өтті. Мәселен, өңір тұрғындарын сапалы ауызсумен қамту көрсеткіші – 98,6 пайыз, биыл барлық елді мекен сапалы ауызсумен 100 пайыз қамтылады. Газбен қамту деңгейі 78 пайыз, биыл 83 пайызға дейін жетеді. Өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыз, биыл 329 шақырым жол жөнделіп, көрсеткіш 95 пайыздан асады.

«Қорық Ата әуежайының» жаңа терминалының, заманауи үлгідегі жаңа автовокзалдың қолданысқа берілуі, теміржол вокзалының қайта жаңғыртылуы, облыс орталығындағы жолаушылар тасымалы мәселесінің түбегейлі шешілуі аймақтың көлік инфрақұрылымын өркендетті.

2-бет

Валюта бағамы

\$ 501,57 kzt

€ 554,34 kzt

₽ 5,98 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+24°



+10°

Жексенбі



+25°



+11°

КҮРДЕЛІ ОҚИҒАЛАРҒА БАҒА БЕРУДЕ БАРЫНША БАЙЫПТЫЛЫҚ КЕРЕК

Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізімен контейнер арқылы тасымалданған жүк көлемі 62 пайызға артып, 4,5 миллион тоннаны құраған. 2027 жылға қарай жүк көлемін он миллион тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Орталық Азия өңіріндегі орнықты көлік байланысының дамуына оң септігін тигізіп отырған Global Gateway стратегиясына қолдау білдірді.

Қазақстан декарбонизация бастамаларын белсенді жүзеге асырып келеді. Президент еліміздің әлемдегі ядролық отынның 40 пайызға жуығын қамтамасыз ету арқылы таза энергия өндірісінде маңызды рөл атқаратынын айтты. Өткен жылы Қазақстанда Климаттың өзгеруі және жасыл энергетика бойынша Жобалық кеңсе ашылды.

Мемлекет басшысы цифрлық технология мен жасанды интеллектті дамыту мәселесіне айрықша тоқталды. Еуропа Одағы еліміздің ғылым және білім саласындағы маңызды серіктесі екенін атап өтті. Орнықты дамудың басты кепілі саналатын халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызына тоқталды. Жаһандық тұрақсыздық шиеленісе түскен кезеңде әлемдегі күрделі оқиғаларға баға беруде барынша байыптылық танытып, жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украинаға қатысты келіссөз процесіне қолдау білдірді.

— Қазақстан кез келген қақтығыстың бейбіт жолмен шешілуін жақтайды. Сондықтан Украинаға қатысты келіссөздердің басталуын құптаймыз. Мәселенің күрделі екенін түсінеміз. Дегенмен шиеленіс оң шешімін табады деп үміттенеміз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталықты құру туралы қарарды бірауыздан қабылдағанын айтып, жиын қатысушыларына Қазақстанның бастамасын қолдағанына ризашылық білдірді. Оның пікірінше, Орталық Ұйымның 2030 жылға дейінгі күн тәртібін ілгерілетуге, өңірдегі өзекті әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге елеулі үлес қосады.

Саммитте сондай-ақ Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйен, Кыргызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо сөз сөйледі.

Одан кейін Мемлекет басшысы «Жаһандық климат сын-қатерлері кезеңіндегі Орталық Азия» халықаралық конференциясына қатысты.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚЫТАЙЛЫҚ КОМПАНИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық КСТ компаниясы өкілдері Тан Хонгвей, Янь Тао, Ван Цзэмен кездесті. Кездесуде газоблоқ немесе фиброцемент, ақ зауыттарын ашу мәселесі талқыланды.

Нұрлыбек Машбекұлы облыс әкімдігі зауыттарды орналастыратын жер телімдерін беруге, инженерлік инфрақұрылым жеткізіп, жан-жақты логистикалық қолдау көрсетуге дайын екендігін айтты.

Мемлекет басшысының экономикаға отандық және шетелдік инвестиция тарту тапсырмасына сәйкес ҚР Сыртқы істер министрлігі, «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ мен Қазақстанның шетелдердегі елшіліктерінің қолдауымен өңірге инвестиция тарту мақсатында іссапарлар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Өткен жылы бірқатар маңызды жоба қолға алынды. Қытай Халық Республикасында өткен III Қазақстан-Қытай Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында кірпіш зауытын салу туралы келісімге қол жеткізілді. Нәтижесінде құны 5 млрд теңгені құрайтын, қуаттылығы 90 млн дана кірпіш өндіретін зауыт құрылысы жүргізілуде. Зауыт 70 адамды жұмыспен қамтиды, мамыр айында іске қосылады деп жоспарланған.

Сонымен қатар, облыс делегациясының Испанияға іссапары кезінде испандық компаниямен келіссөз жүргізіліп, санфаянс өндірісін орналастыру жұмыстары басталды. Жоба құны – шамамен 70 млн АҚШ доллары. Биыл компания өкілдері облысқа жұмыс сапарымен келіп, қажетті шикізат және инфрақұрылым жеткізуші мекеме басшыларымен кездесті. Бірлескен жұмыс қорытындысында компания басшылары ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновпен кездесіп, өндіріс орнын Қызылорда облысында ашу мәселесі талқыланды.

Мұнан бөлек, биыл корейлық «With You E&C» компаниясы өкілдерімен қатты тұрмыстық қалдықты сұрыптау және қайта өңдеу зауытының II кезеңі – «Қоқысты өртеу арқылы электр энергиясын өндіру зауытының» құрылысы бойынша ұшықанды мемурандумға қол қойылды. Құны 25 млрд теңге болатын бұл зауытқа қоқысты өртеу арқылы 20 МВт-қа дейін электр энергиясы өндіріледі.

«СБ» ақпарат

Экономиканы алға сүйрейтін күш – инвестиция, қазіргідей геосаяси жағдайда оның маңызы күннен-күнге артып барады. Сондықтан инвестициялық ахуалды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу керек.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірі – экономиканың барлық саласына отандық және шетелдік инвестиция тарту. «Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металды терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты. Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір әкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткім келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс» делінген Жолдауда.

ҚАРЖЫ ТАРТУ – ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

МЕЖЕ МЕН МҮМКІНДІК

Инвестиция тұрақты өсу қарқыны сақталған, инфрақұрылымдық проблемалары шешімін тапқан, халықаралық қоғамдастықта лайықты орны бар, инвесторларға қолайлы жағдай жасауға бейілді, қаржының қайтарымына кепілдік бере алатын, ең бастысы заң үстемдігі орнаған мемлекетке келеді. Бұл сөзімізге тәуелсіздік жылдарында елімізге құйылған миллиардтаған доллар қаржы дәлел бола алады.

Сыр өңіріне инвестиция тарту облыс басшылығының кейінгі жылдардағы жұмысының басты әрі негізгі бағытына айналды. Өткен жылы облысқа 517,5 млрд теңге инвестиция тарту индикаторы бекітілді. Осы индикатор 23,5% немесе 122 млрд теңгеге артық орындалды, оның 70,5%-ы – жеке инвестиция. Биыл 631,4 млрд теңге инвестиция тарту қажет.

Президент Жолдауында атап көрсетілгендей, әлемде инвестицияға талас өршіп тұр. Мұндайда ізденгеннің мұратқа жетері анық. Облыстың инвестициялық әлеуеті, артықшылықтары, мүмкіндіктері туралы жан-жақты сарапталған ақпараттар инвесторларға ұсынылады.

Қызылорда облысының инвестиция саласындағы басты артықшылықтары – көлік-логистикалық әлеуеті, минералдық-шикізат ресурстарының бай қоры, жоғары деңгейдегі инфрақұрылымы, агро-өнеркәсіптік кешенді және жанар-тығатын энергия көздерін, құрылыс индустриясы, тау-кен, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін дамыту мүмкіндіктері.

ҚЫЗЫЛОРДА – ИНВЕСТОРЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ АЙМАҚ

Инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін Қызылордада «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы қолданысқа берілді. Терминалға «Болат Өтемұратов қорының» инвестициясы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына, жол салуға, аумағын абаттандыруға, жарықтандыруға жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді.

Жаңа нысан аз уақытта еліміздегі ең сәулетті, ұшып келушілер мен кетушілерге барлық жағдай жасалған, халықаралық талаптарға толық сай келетін әуежай деген баға алып үлгерді. Терминалдағы ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған, СІР залдары, жүкті автоматты беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, ғимарат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері жолаушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдар үлесінің, газбен, ауызсумен қамту көрсеткішінің жылдан

жылға артуы инвесторларға қолайлы жағдай туғызары сөзсіз. Қызылорда қаласындағы жаңа автовокзалдан сапарға шығатын автобус маршруттары да жолаушылар тасымалына оң ықпал етті.

«Қызылорда-Жезқазған» автожолының жаңғыртылуы, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі аумағын төрт жолақтыға айналдыру жобасы көлік-көлік инфрақұрылымындағы мәселелерді түбегейлі шешеді.

Қызылордада 60 жылдан бері жұмыс істеп тұрған, бүгінде тозығы жеткен жылу-электр орталығы жаңартылуда. Түркиялық «Aksa Energy» компаниясы 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысын қарқынды жүргізуде. Инвестор жылу орталығының құрылысына 127 млрд теңге инвестиция салды. Орталық алдағы уақытта ел игілігіне табысталады.

Аймақта қазақстандық күріш пен тұздың 90%-дан астамы өндіріледі. Ішкі нарықты осы өнімдермен толық қамтамасыз етеді, алын және жақын шетелдерге белсенді түрде экспорттайды. Сондай-ақ балық шаруашылығы – басым сала. Өңірде Арал теңізі және 200-ден астам көл бар.

Мал шаруашылығы жақсы дамыған. Облыс тұрғындары ата-кәсіпті өркендету ісіне бейім болғандықтан, шикізат өңдейтін жобаларды іске асыруға қор жеткілікті. Елімізде де, өңірде де мал басының жыл сайын артуы тері және жүн өңдейтін кәсіпорындар желісін дамыту керектігін күн тәртібіне шығаруда. Өңірде негізінен ет бағытындағы, ірі қылшықты жүнді және қарақол қой тұқымдары аудандастырылған.

Облыста инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген 6 индустриялық аймақ бар. Инвесторларға сол аймақтардан жер беріледі.

Шетелдік делегацияларды шақыру, күтіп алу, таныстыру, құжаттарды заңдастырып, рұқсат беру құжаттарын алу, бизнес-жоспарларды әзірлеу және мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қолдау шараларын «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ өңірлік өкілдігі, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы, «Қызылорда облысын дамыту орталығы» ЖШС, «Бизнеске арналған үкімет» және «Қызылорда индустриялық аймағы» ЖШС атқарады. Бұл институттар инвестициялық жобаларға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға өз құзыреті шегінде әртүрлі қолдау көрсетеді.

КҮНІНЕ БІР КЕЗДЕСУ

Өңірге инвестиция тарту мақсатында өткен жылы 46 іс-шара, 200-ден аса онлайн және офлайн кездесу өткізілген. Бұл – бір жыл ішінде 248 жұмыс күні болса, күніне бір кездесуден

техникалардың берілуі, қайта жаңғыртудан өткен Қызылорда қаласының орталық алаңы, аудандардағы демалыс орындары тұрғындар игілігіне айналды. Биыл жаңартылып жатқан бірнеше саябақ та халық жиі бас қосатын орын болмақ.

Құрылысын түркиялық инвестор «Aksa Energy» салып жатқан, қуаты 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы, Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету, республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль

өткізілген деген сөз. Шет мемлекеттерге, атап айтқанда Түркия, Қытай, Татарстан, Ресей, Египет, Өзбекстан, Италия, Испанияға іссапар ұйымдастырылды. Ал Қызылордаға Чехия, Польша, Түркия, Беларусь, Корея, Еуро-Одаққа мүше мемлекеттер, АҚШ, Жапония, Вьетнам, Германия, Франция, Нидерланд, Ресей, Иордания, Қытай инвесторлары келді.

Аймақтың инвестициялық әлеуетін таныстыру, нақты компанияларды тарту мақсатында бірнеше презентациялық материал әзірленіп, Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстанның шетелдердегі мекемелеріне жолданды.

“ Ауыл шаруашылығы, құрылыс индустриясы, тау-кен, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіптеріндегі құны 2,2 млрд АҚШ доллары болатын 60, оның ішінде, Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа талаптарына сәйкес енгізу үшін 332,6 млн АҚШ долларының 13 инвестициялық жобасының тизері әзірленді.

Минералдық-шикізат базасын сипаттайтын таныстырылымдық кітапшалар, өңірдің инвестициялық бағдарламасы түзілді. Бағдарламада инвестициялық ахуалдың ағымдағы жай-күйі, инвестициялық тартымдылықты дамыту тетіктері және нысаналы көрсеткіштер көрсетілген. Өңірге инвестиция тарту бойынша іс-қимыл жоспары жалпы облыс және қала, 7 ауданда жеке-жеке жасалған. Бұл инфрақұрылымдық және басқа да мәселелерді, жергілікті жердің проблемаларын нақты шешуге мүмкіндік береді.

Қолданыстағы инвестициялық штабқа ұқсас облыс әкімінің төрағалығымен өңірлік инвестициялық штаб құрылды. Штаб құрамында жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімше басшылары, «Kazakh Invest», кәсіпкерлер палатасының, прокуратураның, салық органдарының өкілдері және басқалар бар. Өңірлік штаб отырысында инвестициялық жобалардың проблемалық мәселелерін шешу жөнінде шаралар талқыланып, қабылдануда.

ІССАПАРЛАР НӘТИЖЕСІ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ мен Қазақстанның шетелдердегі елшіліктерінің қолдауымен өңірге шетелдік инвестиция тарту мақсатында ұйымдастырылған іссапарлар мен іс-шараларға тоқталып өтейік.

Былтыр желтоқсан айында аймақ басшысы Н.Нәлібаев бастаған облыс делегациясы Италия, жолын қайта жаңғырту, Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды І-санатқа ауыстыру – халық күткен бірегей жобалар.

Облыс әкімінің баяндамасынан соң, Мемлекет басшысы атқарылған істерге оң бағасын беріп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы тұрақты екенін атап өтті.

– Аймақ диқандары су тапшылығына қарамастан, биыл айтарлықтай мол күріш жинады. Басқа да бағыттар бойынша жұмыс нәти-

Испания, Түркияға барып, бірқатар компания басшыларымен кездесу өткізді. Испанияда өңірге керамикалық, санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісін орналастыру бойынша келіссөз жүргізілді. Оның қорытындысымен компания өкілдері қаңтар айында облысқа жұмыс сапарымен келіп, қажетті шикізат және инженерлік-инфрақұрылым жеткізуші мекеме басшыларымен кездесті. Зертханалық жұмыстар жүргізу үшін инвестор сұратқан шикізат үлгілері Испанияға жолданды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Қытай елінен әлемдік деңгейдегі озық технологияларды тарту тапсырмасына сәйкес ақпан айында облыс әкімі Н.Нәлібаев бастаған облыс делегациясы Қытайға барды. Іссапар кезінде Шэньси (Сиань), Нинься-Хуэй (Иньчуань), Сычуань (Чэнду) өңірлерінде және Бейжіңде кездесулер өтті. Облыстың инвестициялық әлеуеті, минералдық-шикізаттық базасы, әлеуметтік-экономикалық даму барысы, инженерлік инфрақұрылым деңгейі және инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары кенінен таныстырылды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, құрылыс, тау-кен, жеңіл, химия өнеркәсіптері салаларындағы құны 2,2 млрд АҚШ долларын құрайтын 60 инвестициялық жобаның тизерлері табысталды.

Бұған қоса, мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, энергетика салаларында 30-ға жуық инвестормен келіссөз жүргізілді.

Нинься-Хуэй және Сычуань провинцияларында 100-ге жуық қытайлық компанияның қатысуымен ынтымақтастық орнату туралы бизнес-форумдар өткізілді. Іс-шараларда облыстағы инвестиция қажет ететін жобалар таныстырылып, G2B, B2B кездесулер ұйымдастырылды.

“ Қытайға жасалған іссапар нәтижесінде ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларына озық технологияларды енгізу бойынша жалпы құны 10,8 млрд теңге болатын 9 келісім-шартқа қол қойылды.

Атап өту қажет, 2022 жылдан бері облыс Үкімет біткіткен инвестиция жоспарын артығымен орындап келеді. 2021 жылы өңірге 308,9 млрд теңге инвестиция тартылса, 2024 жылы инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар есебінен ол 639,5 млрд теңгеге жетті, көрсеткіш 2 есеге артқан (207%).

Алдағы уақытта шетелдік инвесторлармен бірлескен жобалардың қатарын толықтыру арқылы биылға бекітілген көрсеткішке қол жеткізу мақсатында тиісті жұмыстар жалғаса береді.

Гүлжарға ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

ҮДЕДЕН ШЫҚҚАН ҮШ ЖЫЛ

жесі жаман емес. Бірақ босаңсуға болмайды, —деді Президент.

Өңірдің дамуға бағыт алған жаңа жолында әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын одан әрі күшейту, Президент тапсырмаларын орындау сияқты міндеттер тұр. Алдағы жылы қазақтың төрт астанасының орнындағы, ұлттың «қазақ» атауы қайтарылып, тарихи әділдік орнаған Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтеді.

«СБ» ақпарат



ӨНІРДІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

БУ-ГАЗ ҚОНДЫРҒЫСЫ: ОҢТҮСТІК ӨНІРЛЕР ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қатар еліне іссапары барысында еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын болдырмау үшін қуаттылығы 1100 МВт, құны 800 млрд теңге бу-газ қондырғысын салу келісілген болатын.

Аталған жобаны жүзеге асыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ мен қатарлық «Power International Holding» компаниялары арасында келісімге қол қойылып, жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстары басталуда.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешевтің төрағалығымен өткен мәжілісте станция құрылысына қатысты негізгі мәселелер талқыланды.

Жиынға «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдері, облыстық басқарма және жергілікті мекеме басшылары қатысып, бірқатар мәселе пысықталды.

Станция құрылысы үшін 250 гектар жер телімі белгіленген. Жоба аясында «Қызылорда-Жезқазған» және «Қызылорда-Шымкент» бағытында 500 кВ жоғары қуатты электр желілері салынады.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы өте маңызды жоба еліміздің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын болдырмауға, республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл мегажобаны 2028 жылдың аяғына дейін толық іске асыру көзделген.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

ИНВЕСТИТОР ҚАРЖЫСЫ: ТЭЦ – ТЕҢДЕССІЗ ЖОБА



Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығы салынып жатыр. Оның іргетасы алдыңғы жылы Республика күні қарсаңында қаланып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бұл тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба екенін атап өтті. Жобаның іске асуына Энергетика министрлігі ұйытқы болса, «Акса Energy» компаниясы мүдделілік танытқан.

Еске салсақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев оңтүстік өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында үш жыл ішінде қуаттылығы 1000 МВт-тан асатын электрстанцияларын салуды тапсырған болатын. Тапсырманы орындауға алғаш болып Қызылорда кірісті. Өйткені «Қызылордажылуэлектрорталығы» кәсіпорны 60 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келе жатқандықтан тозығы жетіп тұр. Турбиналарды жөндеуге, қайта жаңғыртуға әлсін-әлсін қаражат бөлінгенмен ол тиімсіз. Сөйтіп, мәселенің шешімі ретінде орнына жаңасын салу ұсынылып, оған күні бүгінге дейін түрік компаниясы 137 млрд теңгеден астам инвестиция құйды.

«Акса Energy» – Түркияның электр энергиясы саласындағы ірі әрі тәуелсіз өндірушісі. Түркияның энергетика саласындағы жетекші холдингтердің бірі саналатын «Kazanci» компаниялар тобына кіреді.

Ауқымды жобаның жүзеге асырылу барысы аймақ басшысының басты назарында. Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев маңызды құрылыстың жай-жапсарын баяндады.

– Бүгінде түркиялық инвестор «Акса Energy» қуаты 240 мегаватттық

жаңа жылу-электр орталығын салып жатыр. Құрылыс жұмыстарының 70 пайызы аяқталды. Нысан қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Жаңа станция іске қосылғанда облыс орталығын жылумен, өңірді электр энергиямен толық қамтамасыз етеді. Өндірілген электр энергиясының артылған бөлігін (60 МВт) өзге аймақтарға сатуға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

Егер тозығы жетіп тұрған ескі жылу-электр орталығы 67 МВт электр өндірсе, жаңа станцияның қуаттылығы бұдан 3 еседен де асып түседі деген сөз. Аймақ үшін ерекше маңызы бар нысан көп ұзамай ел игілігіне пайдалануға беріледі. Жаңа орталыққа бюджет есебінен 15 млрд теңгеге газ құбыры тартылды.

Еліміздің даму тетіктерінің бірі – үзіліссіз электр энергиясымен қамту. Президент өз Жолдауында да электр энергетикасы, жалпы энергетика саласына ерекше екіпін берілді. Еліміздің біртұтас электр энергетикалық жүйесі тұтынушыларды сенімді және сапалы электр энергиямен жабдықтауға мүмкіндік беретінін ескерсек, Қызылордадағы жаңа құрылыс нысанның қуатына иек артамыз.

**Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»**

ӘРБІР ҚАҚПА – ҚҰНДЫЛЫҚ



ЖАҢАРҒАН ӘУЕ ҚАҚПАСЫ

Қызылорда халқы көптен күткен әуежайдың жаңа терминалы өткен жылы іске қосылды. Заманауи ғимарат жылына 2 миллион жолаушыға қызмет көрсете алады.

Нысанның ашылуына Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет басшысы Олжас Бектенов арнайы қатысты.

Сырдың әуе қақпасы ерекше архитектуралық үлгіде салынған. Аумағы – 7500 шаршы метр. Ғимаратта жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Жаңа терминалды іске қосу әуе айлағының өткізу мүмкіндігін 7 есеге – жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін арттырды. Жаңартылған «Қорқыт Ата» терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

– «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы – өңір үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызды инфрақұрылымдық жоба. Оны іске асыру қосымша әуе бағыттарды, оның ішінде халықаралық бағыттарды ашуға, транзиттік әлеуетті, жолаушылар мен жүк ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл ішкі туризмнің,

ға және жарықтандыруға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Бастысы, жолаушылар сапалы қызметке дән риза.

«Қорқыт Ата әуежайы» АҚ басқарма төрағасы Баян Ажмолдаев өңірдегі жыл сайын өсіп келе жатқан жолаушылар ағынын ескере отырып, терминалдың уақытылы іске қосылғанын атады. Мәселен, былтыр 9 айда әуежайда 265 мың жолаушыға қызмет көрсетілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға артық. Аптасына 26 ішкі рейс жүзеге асырылады (17-сі Астанаға, 9-ы Алматыға). Осы жылдың маусым айында Анталья (Түркия) қаласына халықаралық чартерлік рейс іске қосылды.

Ақтау және Атырау қалаларында қосымша рейстер ашу, сондай-ақ «Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Қарағанды» сияқты әуе бағыттарын әлеуметтік маңызы бар рейстер тізбесіне енгізу жоспары жүзеге асырылмақ.

Бастысы, жолаушылар сапалы қызметке дән риза. Әуежайға алғаш ұшып келушілер танданыстарын жасырмады. Тіпті шетелдік әуежайлардан еш айырмашылығы жоқ екенін, жолаушылар үшін барлық жағдай жасалғанын қуана жеткізді. Заманауи нысанның жайлы әрі сәнді екенін де алға тартты.

жолына жақын орналасқан. Енді автобустар қала ішіне кірмейді. Бір мезетте 200 жолаушыға қызмет көрсетеді. Мұнда медициналық-санитарлық көмек көрсету, диспетчерлік бекет және жүк сақтау камералары бар. Ана мен бала, жүргізушілердің демалыс бөлмесі, мүгедектігі бар жандардың да кедергісіз жүруіне жағдай қарастырылған. Осы кезге дейін қызмет көрсетіп келген ескі автовокзал сапасы сын көтермейтін. Жолаушыларға тиісті жағдай қарастырылмаған, ғимараты да ескірген еді. Міне, жаңа автовокзал соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталып, жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге ынғайлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында «Көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс» деген болатын.

Жолаушылар мен жүк тасымалын ұлғайту, қызмет сапасын жақсарту мақсатында салынған жаңа автовокзал халықтың талап-тілегі мен сұранысына сай бюджет қаржысына салынды. Жолаушылар автовокзалдан халықаралық және түрлі бағыттағы 38 маршрут бойынша сапарға шыға алады.

ТАРИХИ ҒИМАРАТТЫҢ ТҮРЛЕНУІ

Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалын қайта жаңғыртуға 873 млн теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде бір ғасырлық тарихы бар ерекше архитектуралық нысан жаңа кейіпке енді.

Осылайша мердігер мекеме «Берестир» ЖШС вокзалдың әкімшілік ғимаратына жөндеу жұмыстарын бастады. Қызылорда қаласының әкімдігі екінші перронға және авто-тұраққа жалпы көлемі 3700 шаршы метр асфальт төседі. Сонымен қатар, 1500 шаршы метр аумаққа құм аралас тас төсеп, асфальттауға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Қазір теміржол вокзалының аумағы адам танымастай өзгерді. Жан-жағында орналасқан ашық сауда орындары да заман талабына сай дүкендерге айналды.

Халыққа қызмет көрсету қашанда маңызды, себебі бұл – елдің дамуы мен халықтың әл-ауқатының кепілі. Сондай-ақ сапалы және қолжетімді қызмет қоғамның мемлекетке деген сенімін арттырып, тұрақтылық пен өркендеуге жол ашады. Осы ретте өңірде әлі де тың жобалар жалғасын табады. Бұл аймаққа серпін беріп, Сыр өңірі қай жағынан да алда екенін көрсетеді.

**Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»**



сауданың және тұтастай экономиканың дамуына оң әсер етеді, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жаңа терминал телескопиялық баспалдақтар мен кол жүгін тексерудің автоматтандырылған жүйесі және басқа да озық технологиялармен жабдықталған. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 20,9 млрд теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, автожол салуға, әуежай аумағын абаттандыру-

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!

Шырайлы шаһардың шынайы келбетін аша түскен нысанның тағы бірі – сол жағалаудан салынған заманауи үлгідегі жаңа автовокзал.

Өңірде жыл сайын жолаушылар ағыны артып келеді. Осыған орай тұрғындарға сапалы қызмет көрсету мақсатында жаңа автовокзал ғимараты салынды. Ол «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық күре-



///ТАҒЗЫМ

Текті әулеттің абыз ақсақалы, отбасының асқар таудай тірегі болған тұлға Қазыбай Құдайбергеновтің мекені алыс, жұмбақ дүниеге аттанғанына да жылға жуық уақыт болып қалыпты. Иә, «Өмір – самал, ажал – амал» дегендей, барша пенденің арғы дүниедегі бабалар мекеніне бет бұратыны табиғи заңдылық.



АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАСЫНАН АЙНЫМАҒАН

Ағамыз қадір-қасиетін жоғалтпай, адал азаматтық көзқарас-қағидаларын ұстанған күйі өмірден өтті. Адамды сырт келбеті, көзі мен сөзінен, жүріс-тұрысы мен қабағынан, көңіл-күйінен-ақ танауға болады десе, соның бәрі туған тегіне байланысты болса керек. Оның тектілігі алдымен туған топырағы – даласынан, жері мен елінен содан соң, әлбетте бабалары мен ата-анасынан дарығаны анық. Шындығында, тегіндегі қалың жұртшылыққа белгілі, кемел кемеңгерлігімен танылып, абырой-беделі тасыған бабалары мен ағалары болғанын баршамыз білеміз. Бұл тұрғыда басқасын айтпағанда, ақын-шайыр Күдері жожа мен дара драматург Қалтай Мұхамеджановтың өмірі, шығармашылығы дәлел болары хақ. Сонан да шығар, өз бойынан буырқанып шыққан ой-толғамдарын баян еткен кітаптар жазып, жан тебіренерлік сырлары мен сезімдерін төккен өлеңдерін шығарды. «Тектіден текті туады» деген қанатты сөздің мән-мағынасы осыдан айқын көрініс тауып тұрғанына тамсана отырып, қайран қаласың.

Құдайдың құдіретімен Қаз-ағамызға Табиғат-ана терең ақыл-парасат, сабыр мен шыдам, кішіпейілдік пен кеңдік, ішкі сұлу мәдениет пен тау біткен ой еркіндігін бергендігі анық байқалып тұратын. Ол өмір жолын ұстаздық етуге, ғылым жолына және қоғамдық қызметтерге арнады. Қоғамдық ортада биік абырой-беделге, зор құрметке ие болып, асқақ мәртебеге қол жеткізді.

Әр пенденің өмірінде қиыншылық пен ауыртпалық болатыны анық қой. «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» демекші, оның нардың белін қайыстыратын, аспанды жерге қабыстыратын қайғы мен қасіретті басынан өткергенін білеміз. Алдымен аяулы да қымбатты жалғыз ұлы Аронды жер қойнына берсе, көп жылдан соң ұлының қайғысынан сырқат тауып, жаны күйзелген жан жары Жақсан апамыздан айырылып қалды. Осындай ауыр кезеңдерде ішкі жан дүниесі ойран болған ағамыз егілгенмен езілмеді, бөтенге тіс жармай, сыр шашпай, тағдыр соққыларына төзе біліп шыдады, өз қайғысының көлеңкесін өзгеге түсірмеуге тырысты. Тек

«Жүрек – жамау, қиял – құз, санам – сағым» секілді өлеңдерінде шерін таркататын. Қайран, Қаз-ағам, күпіршілік қылмады, шүкіршілік ете білді. Мұндай парасат пен сабыр таныту екінің бірінің қолынан келе бермесі анық.

«Жақсының жаууы көп, жаманның дауы көп» деп те жатады ғой. Ағамның жаууы көп түгілі, болды деп те айта алмаймын. Бірақ, досының сансыз көп болғанын анық білемін. Себебі, әрдайым үлкенге құрмет көрсетіп, кішілерге қамқор болып жүруі бойына сіңген ерекше әдеттерінің бірі еді. Кейде бас қосылғанда таныс-біліс, әріптес азаматтардың жағдайына жанашырлық танытып, жәрдем беріп, қолдау көрсетуге ықпал танытып отыратын.

Бірде екеуіміз орталық мешіттен шығып келе жатқанда алдымыздан бір кісі жолығып, сәлем берді. Сол жерде әлгі кісімен жарты сағаттай шүйіркелесіп әңгімелесті. «Бұл кім?» десем, қайран ағам «танымаймын» деп қарап тұр. Неткен қарапайымдылық!

Ағамыз кез келген ортада өзін еркін сезініп, жағымды кейіпмен және шешендігімен жұртты баурап алатын. Түрлі оқиғаларды тігісін жатқызып айтып, адамдарды тамсандырып, ой-пікір туғызатын. Осыдан болса керек, оны танытпн да, танымайтын да жандар құрметтеуге ұмтылатын.

Жасы біршама үлкен болғанымен, бір дәуірдің адамы болғандықтан шығар бір-бірімізді оңай түсінетінбіз және мені жақын тараттын. Ол кісі әрдайым «Бір-бірімізді оқып, бір-бірімізді іздеп жүруіміз керек» деген сөзді көп айтұшы еді. Бұл маған тапсырған аманаты секілді көрінетін.

Өғәні тіршілікте өзінің адами қадір-қасиетіне шаң қондырмай, адалдық қағидаларын берік ұстанған ағамыз өмірінің соңына дейін имандылықпен парасаттылықтың үлгісі болды. Қайран аға, сіздің сұлу мінезіңіз бен азаматтығыңызды әрдайым сағынышпен еске алып жүреміз.

Ербол ӘБЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
доценті

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №43-04-10/172 хаты негізінде «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2025 жылдың 01 сәуірінен бастап 1000 м3 үшін төмендегіні құрайды:

КҚС есебінің			
№	Атауы	Өлшем бірлігі	Денгейі
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	11 989,03
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	10 356,60
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	13 519,81
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	14 144,77
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	14 144,77
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м3	13 519,81
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	31 040,44
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	7 996,13
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м3	46 849,44
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м3	46 849,44
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алуден			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	18 428,31
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	18 028,67
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	20 524,39
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м3	18 061,46
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	20 524,39
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м3	20 524,39
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м3	36 843,43
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м3	12 317,23
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м3	52 652,43
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м3	52 652,43

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ ҚӨФ Әкімшілігі

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке отарыусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2014 жылдың 27 маусымда қайтыс болған азамат Ким Мария Семеновнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға арналған субсидияланатын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі және пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) 1 литріне (килограммына, грамына, данасына) арналған субсидиялар нормалары

556	РИХТЕР, эмульсиялық концентрат	литр	2 190,00
557	РЮБУСТО СУПЕР, эмульсиялық концентрат	литр	1 384,00
558	РОГОРС, эмульсиялық концентрат	литр	2 188,00
559	РОКИ, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
560	РОНИН, эмульсиялық концентрат	литр	5 250,00
561	РОНФОС, эмульсиялық концентрат	литр	7 096,00
562	РУБИКОН, суспензия концентраты	литр	1 920,00
563	САЛИБО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
564	САЛИБСА, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	105 232,00
565	САМБО 315, эмульсиялық концентрат	литр	12 500,00
566	САМУРАИ СУПЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
567	САМУРЫК 400, коллоидты ерітінді концентраты	литр	4 560,00
568	САННИ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
569	*****САНСЭР КОМБИ, суспензия концентраты	литр	8 594,00
570	САНСЭР УЛЬТРА, суспензия концентраты	литр	8 348,00
571	САНСЭР УЛЬТРА, суспензия концентраты	литр	11 295,00
572	САНФЛО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
573	САНШАЙН, сулы ерітінді	литр	3 000,00
574	САПФИР, сулы ерітінді	литр	2 768,00
575	САРМАТ, суспензия концентраты	литр	1 920,00
576	САРМАТ ЭКСТРА 54%, сулы ерітінді	литр	1 277,00
577	САРЕНДЕР, сула еритін түйіршіктер	килограмм	5 862,00
578	САДАРИ, майлы дисперсия	литр	8 438,00
579	САВАРО, суспензия эмульсиясы	литр	3 440,00
580	СЕКАТОР ТУРБО, майлы дисперсия	литр	9 799,00
581	СЕКАЧ, майлы дисперсия	литр	9 799,00
582	СЕКТОР, эмульсиялық концентрат	литр	2 679,00
583	СЕЛЕКТ, эмульсиялық концентрат	литр	3 192,00
584	СЕЛЕНИТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	49 107,00
585	СЕЛЕНИТ ПРО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	28 728,00
586	СЕЛЕНИТ ФОРТЕ , сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	17 679,00
587	СЕРАПЕН ПЛЮС, эмульсиялық концентрат	литр	6 625,00
588	СЕРП, сулы ерітінді	литр	2 305,00
589	СИКУРС, суспензиялық концентрат	литр	12 413,00
590	СИМБА, эмульсиялық концентрат	литр	3 250,00
591	СИРОКО, эмульсиялық концентрат	литр	2 188,00
592	СКАИСТАР, суспензия концентраты	литр	5 570,00
593	СКАЛПЕЛЬ 250, суспензия концентраты	литр	3 215,00
594	СКАУТ ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	7 857,00
595	СКАУТ УЛЬТРА, эмульсиялық концентрат	литр	6 696,00
596	СКАУТ ФОРТЕ, эмульсиялық концентрат	литр	5 500,00
597	СМУТ, суспензиялық концентрат	литр	15 000,00
598	СМАРАТ, эмульсиялық концентрат	литр	4 051,00
599	СМАРАТ ДИО, эмульсиялық концентрат	литр	4 250,00
600	СМЕРЧ, сулы ерітінді	литр	1 277,00
601	СНАИПЕР, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 844,00
602	СОН, сулы эмульсия	литр	3 740,00
603	СОЛИАМ, суспензия концентраты	литр	3 750,00
604	СОЛЕКС, сулы ерітінді	литр	2 545,00
605	СОЛЕКС ПРО, эмульсиялық концентрат	литр	2 946,00
606	СОЛИ ОР, эмульсиялық концентрат	литр	5 940,00
607	СОЛИТО 320, эмульсиялық концентрат	литр	5 175,00
608	СОЛЫБЕР, эмульсиялық концентрат	литр	4 195,00
609	СОНДЕЛЕКТ, эмульсиялық концентрат	литр	4 924,00
610	СОНИРАУНД 48%, сулы ерітінді	литр	1 600,00
611	СОНРАУНД СТАР, 77% сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	3 857,00
612	СПАЙДЕР, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
613	СПАРТ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
614	СПИРИТ ДАЙТ, сулы ерітінді	литр	3 609,00
615	СПИРИТ ФОРТЕ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	28 728,00
616	СПЮРИАК, сулы ерітінді	литр	4 100,00
617	СПУРИАК УЛЬТРА, сулы ерітінді	литр	1 645,00
618	СПРИНТ 240, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
619	*СПРУТ ЭКСТРА, сулы ерітінді	литр	1 429,00
620	СПАЗИС, эмульсиялық концентрат	литр	4 688,00
621	СПАТ ПРО, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	54 018,00
622	СТАРАНЕ ПРЕМИУМ 330, эмульсиялық концентрат	литр	2 000,00
623	СТАТУС ГРАНД, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	24 511,00
624	СТАТУС ФЛО, суспензия эмульсиясы	литр	3 125,00
625	СТАУТ, суспензия концентраты	литр	2 411,00
626	СТИЛЕТ, майлы дисперсия	литр	25 514,00
627	СТИМУЛ, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
628	СТИРАП, 45% сулы ерітінді	литр	5 040,00
629	СТОН 300, сулы ерітінді	литр	2 500,00
630	СТОН 300, сулы ерітінді	литр	5 050,00
631	СТРАЛ О, сулы концентрат	литр	2 240,00
632	СТРАТЕГ О, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
633	СТРАТОС УЛЬТРА, 10 % эмульсиялық концентрат	литр	3 527,00
634	СТРИ, 72 % сулы ерітінді	литр	1 116,00
635	СТРИ ЭКСТРА 480, сулы ерітінді	литр	1 563,00
636	СТРОБИШАНС ПРО, суспензиялық концентрат	литр	5 570,00
637	СТЭИТ, м. суспензия концентраты	литр	7 400,00
638	СУНКАР 400, коллоидты ерітінді концентраты	литр	4 560,00
639	СУПЕР АЛЬЯНС, эмульсиялық концентрат	литр	2 901,00
640	СУПЕРРОНИ, майлы дисперсия	литр	9 509,00
641	СУПЕРМЕН, сулы ерітінді	литр	1 116,00
642	СУПЕРМЕТ ЭКСТРА, сула еритін түйіршіктер	килограмм	6 844,00
643	СУПЕРСТАР, суспензия концентраты	литр	5 570,00
644	*СУХОВИЙ, сулы ерітінді	литр	1 830,00
645	СЪМПАИ, эмульсиялық концентрат	литр	4 902,00
646	Сэнтум 600, сулы ерітінді	литр	8 348,00
647	СЭНТИУМ, сулы ерітінді	литр	5 050,00
648	ТАЙГЕР ЭКСТРА, сула еритін түйіршіктер	килограмм	8 844,00
649	ТАЛААН, эмульсиялық концентрат	литр	6 607,00
650	ТАЛААН, эмульсиялық концентрат	литр	3 960,00
651	ТАЛАКА 100, эмульсиялық концентрат	литр	3 740,00
652	ТАЛАНТ, майлы дисперсия	литр	10 977,00
653	ТАМАК 240, эмульсиялық концентрат	литр	2 388,00
654	ТАМШИЙЕР, майлы дисперсия	литр	9 612,00
655	ТАНДЕМ ПРО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	4 560,00
656	ТАНРЕК, сула еритін концентрат	литр	2 240,00
657	ТАНТО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	8 982,00
658	ТАПИРОШАНС, сула еритін концентрат	литр	2 305,00
659	ТАУЭРСПРЕЙ, 85% эмульсиялық концентрат	литр	1 518,00
660	*ТАУДАУН 500, сулы ерітінді	литр	1 607,00
661	ТВБСТ, эмульсиялық концентрат	литр	2 000,00
662	ТБАЗ ПРО, суспензиялық концентрат	литр	9 162,00
663	ТЕЙЯ, суспензия концентраты	литр	7 304,00
664	ТЕНАЗОЛИН ГОЛД, эмульсиялық концентрат	литр	4 464,00
665	ТЕНАЗОЛИН, эмульсиялық концентрат	литр	3 013,00
666	ТЕРИОК, 8% эмульсиялық концентрат	литр	3 572,00
667	ТЕРЕКС, сулы ерітінді	литр	1 277,00
668	ТЕРРА 49, эмульсиялық концентрат	литр	1 975,00
669	ТЕРРАНО, суспензия концентраты	литр	6 473,00
670	ТЕРРАНО, эмульсиялық концентрат	литр	4 050,00
671	ТИАЗОКСИС, 10% суланатын ұнтақ концентраты	килограмм	10 500,00
672	ТИАМЕ ТРИН, суспензиялық концентрат	литр	3 750,00
673	ТИЛТ 250, эмульсиялық концентрат	литр	4 150,00
674	ТИЛТ ТУРБО 575, эмульсиялық концентрат	литр	6 000,00
675	ТИМСПРЕЙ, суспензия эмульсиясы	литр	1 652,00
676	ТИРАКС ДУО, суспензия концентраты	литр	6 250,00
677	ТИТАН ДУО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	4 560,00
678	ТИТУЛ 390, коллоидты ерітінді концентраты	литр	9 348,00
679	ТИТУЛ ДУО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	4 560,00
680	ТИТУЛ ТРИО, коллоидты ерітінді концентраты	литр	8 000,00
681	ТИТУС 25%, құрғақ ағынды суспензия	килограмм	25 650,00
682	ТОБИ, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	21 000,00
683	ТОМАТ АВК, сулы ерітінді	литр	1 429,00
684	ТОМАТ АВК ЭКСТРА, сула еритін түйіршіктер	килограмм	2 415,00
685	ТОНИАРА, сулы ерітінді	литр	1 830,00
686	ТОНИК 080, эмульсиялық концентрат	литр	3 572,00
687	ТОП ИКС, эмульсиялық концентрат	литр	4 688,00
688	Топмазин Плюс, сулы ерітінді	литр	7 392,00
689	ТОШПОТ 113, майлы дисперсия	литр	10 500,00
690	*ТОРНАДО 500 сулы ерітінді	литр	1 500,00
691	*ТОРНАДО 540, сулы ерітінді	литр	1 277,00
692	**ТОРС, 5% эмульсиялық концентрат	литр	2 009,00
693	ТОРЕС, суспензия концентраты	литр	6 138,00
694	ТОТАКС, коллоидты ерітінді концентраты	литр	6 473,00
695	ТОТАЛ ПЛЮС, сулы ерітінді	литр	1 600,00
696	ТОТАЛ ЭКСТРА, сулы ерітінді	литр	1 500,00
697	ТРЕЛ 300, сулы ерітінді	литр	8 050,00
698	ТРЕЛ 300, сулы ерітінді түйіршіктер	килограмм	42 900,00
699	ТРИАДА, коллоидты ерітінді концентраты	литр	10 446,00
700	ТРИАКТИВ, суспензия концентраты	литр	4 241,00
701	ТРИЫН 750, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	6 945,00
702	ТРИЫН 750, суланатын ұнтақ	килограмм	6 432,00
703	ТРИЫН, құрғақ ағынды суспензия	килограмм	9 245,00
704	ТРИЫТО, эмульсиялық концентрат	литр	2 901,00
705	ТРИОНТ 750, сулы-дисперсті түйіршіктер	килограмм	7 620,00
706	ТРИМИКС КОМБИ, эмульсиялық концентрат	литр	2 901,00



РУХАНИЯТ ЖЫЛЫ: «Тарих. Тағылым. Тәрбие»

Былытыр Сыр өңірінде «Руханият жылы» жарияланды. Айтулы кезеңде аймақта түрлі әлеуметтік нысандар салынып, ауқымды шаралар атқарылды. Әсіресе, мәдениет саласына үлкен қолдау көрсетілді. Оның бірден-бір дәлелі – шаһарда сәні мен салтанаты келіскен, айшықты да заманауи мәдени орындардың бой көтеруі.

Мәселен, «Анаға тағзым», «Отбасы орталығының» ашылуы, одан бөлек бірегей жоба 1000 орындық «Өнер орталығының» халық игілігіне берілуі іргелі істердің бастамасы болды. Сондай-ақ жаңадан симфония оркестрі, инклюзивті театр, Жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталып, өнердің алтын діңгегі саналатын жыраулық дәстүрді дәріптеген «Жыраулар үйі» сап түзеді. Бұл мәдени мұраға, мәдениетке, ұлттық құндылыққа деген құрметтің белгісі болса керек.

Ұлттық мәдениет пен өнердің қарашанырағы, тарихы тереңнен бастау алатын, дарындар мен таланттарды дүниеге әкелген құтты мекенде «Руханият жылының» жариялануы да бекер емес.

«Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – Наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз. Жыл аясында тек мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар жүзеге асырылады» деген еді былтыр облыстық мәслихат сессиясында Нұрлыбек Машбекұлы.

Расымен сол уақыттан бастап облыста түрлі игі бастамалар қолға алынды. Соның ішінде Қызылорда қаласының сол жағалауынан құны 2,7 млрд теңгені құрайтын облыстық тарихи-өлкетану музейі ғимаратын салу жұмыстары бастау алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат – мәдени-тәрбие орталығы» жобасы іске асырылды. Сыр өңірінің тарихи жәдігерлері қатарына жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан архео-

логиялық қазба жұмыстарының нәтижесімен «Шірік Рабат саяқ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары, «Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» алтындатқан мүсіндері қосылып, облыстық музей қорына табысталды.

Аймақтың мәдениет және руханият саласында атқарылған жұмыстарға халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен Сыр өңіріне түркі дүниесінің «Ең үздік мәдени аймағы» номинациясы берілді. Сондай-ақ өнер тарландарының шығармашылық кештері ұйымдастырылып, айтыстың ақтангері Мейірбек Сұлтанхан «Алтын домбыра» иегері атанды. Одан бөлек Қызылорда облысының Алматы қаласындағы өнер күндері аясында «Сұлу Сырдан – ару Алматыға» атты гала-концерт өтті. Бұл қызылордалық өнерпаздардың Республика сарайындағы тұңғыш концерті еді. Осы орайда айта кетсек, «Руханият жылы» аясында мәдениет қызметкерлеріне 40 қызметтік пәтер берілді. Мұның барлығы – Сыр мәдениетінің өркен жаюы.

Айтулы жылдағы ең басты жетістік – 7 ауданда құны 11 млрд 500 млн теңге болатын «Руханият орталықтары» құрылысының басталуы. Тәуелсіздік күні қарсаңында Қармақшы ауданында алғашқы орталық ел игілігіне табысталды. Биыл жыл басында Шнелі, Жаңақорған Жалағаш, Сырдария аудандарында ашылды. Бұл ғимараттар аймақ халқына үлкен қуаныш сыйлады. Орталықтарда ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар орталығы, ардагерлер мен аналар үйі жұмыс жасауда.

– Архив мекемесі 1987 жылы құрылды. Содан бері мекеменің тиісті талапқа сай, типтік

жобадары ғимараты болмады. Аудан орталығында босап қалған ескі нысандарда отырып келдік. Негізі қойманың қалыпты температурасы 17-19 градус болуы керек. Барлық терезе жабық тұруы тиіс. Талап бойынша құжаттардың сақталуына қолайлы жағдай жасалып, ол жерге жылу кірмеуі керек. 37 жылдан кейін ғана бізге жайлы орын бұйырды, мәселеміз шешімін тапты, – дейді Қармақшы аудандық архиві филиалының басшысы Гүлжамал Іздібаева.

Әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа біріктіру арқылы бюджет көрсеткіші тиімді басқару, әкімшілік шығындарды азайту мақсатында бой көтерген жаңа нысан мәдени, рухани, тарихи ұйымдарды біріктірген бірегей кешен екені сөзсіз. Ең бастысы, бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүріміз кенінен насихатталып, өскелең ұрпақтың өзі туып-өскен өңір тарихы, ұлттың бай қазынасы туралы танымы қалыптасатыны даусыз.

Шыны керек, күнделікті өмірде өзіміз байқамасақ та, сырттан келген қонақтар қала тазалығы мен келбетіне оң баға беріп жатады. Бұған іштей қуанып қаламыз. Әсіресе, қаламыздың қонақтарға ерекше әсер қалдыратыны қуанып, көңілге мақтаным сыйлайды. Бұл – өңір дамуының көрінісі, жергілікті билік пен тұрғындардың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Қаланың тазалығы мен көркем келбеті – оның мәдени деңгейінің, халықтың жауапкершілігі мен ұқыптылығының айқын дәлелі. Осындай жетістіктер алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңіріміздің дамуына серпін беретіні сөзсіз.

**Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»**

/// ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

АҚТӨБЕ МЕН ҚАЗАЛЫНЫ жалғайды



Ақтөбе облысы мен Қазалы ауданының арасында жолаушылар пойызы бағыты ашылды. Бұған өңірдің Арал мен Қазалы тұрғындарын ерекше қуантты.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» өңірлік филиалы өткен жылдың қазан айында іске қосылған «Ақтөбе-Шалқар» пойызының бағытын Қазалы стансасына дейін ұзартылғанын хабарлаған болатын. Міне, 2 сәуір күні аталған бағыттағы пойыз Ақтөбеден жолға шықты. Айта кетсек, ол «Шалқар» және «Сексеуіл» станциялары арқылы өтіп, «Арал теңізі» станциясына 5 минут аялдайды. Соңғы аялдама – Қазалы.

Кешегі бейсенбіде ол Қазалы теміржол вокзалына келіп тоқтады. Аудан тұрғындары алғашқы жолаушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады. Теміржол вокзалында өткен шараға аудан әкімінің орынбасарлары Мұрат Әбсұлтанов

пен Жәнібек Әлиев, бірқатар теміржол мекемелерінің басшылары қатысып, жұртшылықты құттықтады. Өнерпаздар әсем әннен шашу шашты.

Айта кетейік, жаңа бағыттағы пойыз 3 сәуір күні жергілікті уақытпен сағат 09:31-де «Арал теңізі» станциясына аялдаған еді. Жолаушыларды Арал қаласының әкімі, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы бастаған өнерпаздар мен қала тұрғындары күтіп алып, салт жөнімен жолаушыларға ұлттық астан дәм ұсынды.

Қазалы ауданы Ф.Мұратбаев ауылының тұрғыны Гүлбарам Иман Арал және Қазалы тұрғындары үшін бұл пойыздың тиімді тұсы көп екенін айтады. «Менің ұлым

мен қызым Ақтөбеде тұрады, сонда жұмыс істейді. Оларға жиі барып тұрамын. Бұл бағыт біз үшін өте тиімді болып тұр. Қуаныш ұзағынан сүйіндірсін!» дейді ол.

Нақты кезеңде мұнда 6 вагон бар. Оның үшеуі купе, қалғаны плацкарт. Акционерлік қоғам басшылығы жолаушы көбейген жағдайда тағы төрт және одан да көп вагон қосуды жоспарлап отыр. Жүру кестесіне келсек, №629 пойыз аптаның тақ күндері сағат 18:20-да жөнелтіледі. Ал №630 пойыз жұп күндері сағат 22:25-те жүреді. Соңғы аялдама Қазалы станциясына келесі күні сағат 11:32-де жетеді.

«СБ» ақпарат



ҰРПАҚҚА – ҰЛАҒАТ, ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ

Сұрапыл соғыста ортақ Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы жолында теңдесі жоқ ерлік жасаған халық қаһармандарының ар-намыс пен отансүйгіштікті бәрінен де жоғары қойғанын тарих мың мәрте дәлелдеді. Сол бауырлас халықтардың қатарында ел қорғауға қазақстандықтар белсене қатысып, майданда да, тылда да небір тамаша ерліктің үлгі-өнегесін көрсетті.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» бөлімінің студенттері Жеңістің 80 жылдығына арналған тағылымды шара ұйымдастырып келеді.

Шараның мақсаты – Отан соғысында ерлікпен ел қорғаған қазақстандық жауынгерлердің рухына тағзым етіп, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді ояту.

Колледж студенттері тәрбие сағаттарында соғыс жылдарындағы ерлік туралы баяндамалар жасап, өлеңдер оқып, театрландырылған көріністер қойды. Әсіресе өз жетекшілігіміздегі тобымыздың «Қаһарман қызы қазақтың» тақырыбындағы әдеби-музыкалық композициясы ерекше әсерге толы болды.

Студенттердің орындауындағы майдан әндері мен қойылымдар көрермендердің көңілінен шығып, зор ықыласқа бөленді. Отан соғысына қатысқан қызылордалық батырлардың өмірі мен ерлігі жайлы тың мәліметтер берілді. Студенттер өз қолдарымен жасаған көрмелік бұйымдар мен сурет жұмыстарын көпшілік назарына ұсынды.

Соңында «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» бөлім меңгерушісі Гүлзира Арыстанбекова сөз сөйлеп, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп өшпес ерлік қалдырған сарбаздардың серті ұрпаққа мәңгі өнеге екенін жеткізіп, мұндай іс-шаралардың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті.

**Айнұр ЖЕТІЛГЕНОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы**

ЖАН ДАУАСЫ – ЖАҚСЫ СӨЗ

Мейіргерлік мамандыққа деген адалдығы мен кәсіби біліктілігі арқылы өзгелерге үлгі болып жүрген Ақмарал Дарханбаева облыстық көпбейінді аурухананың 1-терапия бөлімінде 2014 жылдан бері үздіксіз қызмет етіп келеді.

Ол өз қызметін зор жауапкершілікпен атқарады. Әр науқастың жағдайына ерекше көңіл бөліп, олардың сауығып кетуіне көмектеседі. Оның мейірімді көзқарасы мен жылы сөзі талай жаңға үміт сыйлап, қуат бергені сөзсіз. Солардың қатарында мен де бармын.

Дана халқымыз «Жаксы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтпаса керек. Өйткені емделушінің сауығып кетуіне ішкен дәрісі мен салған ине аздық етеді. Бұл ретте Ақмарал Мұсақызын білікті маман ғана емес, адам жанын түсінетін психолог ретінде тани бастайсың. Күнделікті жұмыста еңбекпен көзге түсіп жүрген мейіргер әріптестері арасында да зор құрметке ие. Дәрігерлердің сенімді серігі ретінде емдеу үдерісін сапалы жүргізуге өз үлесін қосып келеді.

Науқастардың алғысына бөленген Ақмарал Мұсақызы – өз мамандығына деген сүйіспеншілігімен дараланған жан. Оның еңбекқорлығы мен адамгершілік қасиеті бүгінгі денсаулық сақтау саласының басты тіректерінің бірі десем, қате айтқаным емес. Ақ халатты абзал жанның еңбегі елеусіз қалмай, лайықты бағасын ала-рына сенемін.

Азамат ӘУЕЗХАНОВ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

МЕНШІК ИЕСІ
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.